



Ақмешіт

27 маусым
сенбі

№48 (2260)

2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ӘРІПТЕС МЕРЕЙІ

ЖАҒЫППАР ҚАРАБАЛА «ПАРАСАТ» ОРДЕНІН АЛДЫ



Осы аптада ел Президенті Қасым Жомарт Тоқаев Ақордада бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Салтанатты шарада отандық журналистика саласының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар журналистерді марапаттады.

Оның ішінде Сыр өңіріне белгілі тележурналист, «Qyzylorda» телеарнасының ардагері, «Құрмет» орденінің иегері Жағыппар Аманжолұлы Қарабала да бар. Жағыппар Қарабала жоғары мемлекеттік награда «Парасат» орденімен марапатталды. Жағыппар Аманжолұлының «Парасат» орденіне ие болуы – оның қазақ журналистикасына сіңірген еңбегіне берілген жоғары баға. Ардагер журналист кәсіби біліктілік пен шығармашылық ізденістің нәтижесінде Сыр өңіріндегі телевизия саласының өзіндік мектебін қалыптастырды. Елге құрметті журналисті марапатымен құттықтаймыз!

ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ!



Ақорда төрінде бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев журналистерді қолдауға, әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілетінін атап айтты. Себебі, журналистика саласында қай кезде де ұлт мүддесін бәрінен биік қоятын, парасатты, нағыз отаншыл тұлғалар қызмет етіп жүр.

– Баршаңызға мәлім, жыл сайын кәсіби мереке қарсаңында тілшілер қауымына пәтер кілтін табыстау жақсы дәстүрге айналды. Соңғы үш жылда Астана қаласында ғана 200 журналист баспаналы болды. Енді бұл бастаманың ауқымын кеңейте түсуді көздеп отырмыз. Әсіресе сапалы хабар таратып, қажырлы қызмет етіп жүрген аймақ тілшілерінің еңбегін елестіріп қалдыруға болмайды деп санаймын. Сондықтан менің тапсырмаммен осы жылы алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілтін табысталады, – деді ел Президенті.

Осы бастама нәтижесінде мерекеле облыстарда жұмыс істейтін ақпарат саласының 66 қызметкеріне пәтер кілтін берілді.

Сыр өңірінің журналистері де осы марапатқа ие болды. Әріптесіміз «Сыр медиа» ЖШС директорының орынбасары Әзиз Батырбековке және «Қызылорда» телеарнасының телеоператоры Рамазан Жүсіпбекке пәтер кілттері табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.
Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫ – ЕҢ АЛДЫМЕН ҚОҒАМНЫҢ ЖАРШЫСЫ ӘРІ ШЫНАЙЫ ЖАНАШЫРЫ



Қызыл кілем, сәні мен мәні келіскен безендіру, әсем киінген телемамандардың шат-шадман көңіл журналистердің төл думаны, кәсіби мерекесінде ерекше әсер сыйлады. Ақорда төрінде Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградамен марапаттады.

БАҚ өкілдерін қуантқан жаңалық, биыл алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілтін табысталады. Мемлекет басшысы журналистика саласында қай кезде де ұлт мүддесін бәрінен биік қоятын, парасатты, нағыз отаншыл тұлғалар қызмет еткенін атап өтті.

– Бұл кәсіби мерекенің ел өмірінде

алатын орны айрықша. Себебі журналистер қауымы – ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Қазіргі жаһандық технология дамыған заманда азаматтарға жедел, сапалы әрі шынайы ақпарат та-

рату, ұтымды сараптама ұсыну да журналистер қауымына жүктелген абыройлы міндет саналады. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды. Ел Президенті ретінде бүгін мен барша медиа саласы мамандарына шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұқаралық ақпарат құралдарын ұлттың үні, қоғамның айнасы деуге толық негіз бар. Өйткені өз азаматтарымызбен қатар, күллі әлем қауымдастығы елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістердің түпкі мөнін, ең алдымен, отандық медиа арқылы танып, біледі.

– Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан журналистері осы жауапкершілікті терең

сезініп, кәсіби міндеттерін жемісті атқаруда. Наурыз айында біз – бәріміз бір ел болып, конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық. Жалпыұлттық референдум кезінде халқымыз мемлекеттің келешегін айқындайтын тарихи таңдауын жасады. Еліміздің бас құжаты – жаңа Конституциямыз өз тұғырына қонды. Ата заңды әзірлеу және қабылдау оңай шаруа емес екені анық. Бұл – бірлігі бекем, рухы биік және жарқын болашаққа деген сенімі зор ұлттың ғана қолынан келетін бірегей қадам. Біз осы мақсатқа жету үшін ұзақ жолды жүріп өттік. Арнайы Конституциялық комиссия құрып, Негізгі заңның әр бабын ел мүддесі тұрғысынан мұқият сараладық.

2-БЕТТЕ



«QYZYLORDA» телеарнасы: Тағылым таразысы, өркеніет мінбері

«QYZYLORDA» телеарнасы тәуелсіз ел тарихымен бірге түлеп келе жатқан ұжым, егемендіктің ұяғы мен керегесін бірге қаласып, шаңырағын көтерген шығармашылық орда. Тарих таразысына тартқанда көп уақыт болып көрінбегенмен, бір ұжымның қалыптасуы үшін аз уақыт емес. Телеарнаны ашып, іске қосу барысында қиындық та, кедергі де болғаны рас. Қалың жұрттың ықыласы мен сенімін арқалаған танымал журналист Жақсылық Бекқожаевтың табандылығы мен іскерлігі нәтижесінде Сыр халқы көгілдір экраннан алғаш рет туған өлке жаңалықтарын көре бастады. Бесіктегі баладан, еңкейген қарияға дейін облыстық телеарнаға көз тікті. Бұл әрине қасиетті Сыр өңірі үшін жүрекжарды қуаныш болды.

1991 жыл, 30 сәуір. Бұл күн – облыстық телеараның ғана емес, бүкіл аймақ журналистикасының атаулы күні. Себебі бұл күні Сыр бойында тұңғыш рет төл телеарна тікелей эфирде хабар тарата бастады. Өуелгі қадам 30 минуттық эфир еді. Осылайша, аймақ айнасы БАҚ кеңістігінде саяси, әлеуметтік, мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді уағыздаушы құнды құралға айналды.

Облыстық телеарнаның қалыптасуы тарихи оқиға. Бұл уақыт қажеттілігінен туындаған, саяси әрі әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда өте маңызды шешім. Телеарнаның ашылуына Жақсылық Бекқожаев, Баян Исламбаева, Айтқұл Шалғынбаева, Бақытжан Шөкенов, Марат Шалабаев, Жәнібек Жұманов, Юрий Ефановтар мұрындық болды. Алғашқы режиссер қызметін Хүсейін Әмір-Темір атқарса, тұңғыш диктор Айгүл Оразова еді.

4-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҢ ҮНІ, БҰҚАРАНЫҢ АЙНАСЫ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай халықтың құлағы, көзі һәм тілі болып, билік пен бұқараның алтын көпіріне айналған сала мамандарының еңбектері еленді. Дүйім жұртқа хабар таратып, жақсылықтың жаршысы болып жүрген журналистер қауымы үшін кәсіби мереке апта басынан басталған еді. Мереке қарсаңында аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев әріптестерді мерекеле құттықтап, республикалық, өңірлік БАҚ-тың Сыр елінің оң имиджін қалыптастырудағы ролін жоғары бағалады.

– Бүгін – мерзімді басылымдар мен телеарналарда, ақпараттық агенттіктер мен сайттарда қызмет істейтін шығармашылық өкілдерінің, журналист жасаған сюжет пен жазған мақаланың жарыққа шығуына еңбек сіңіретін мамандардың мерейлі күні. Мереке қарсаңында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін Ақорда төрінде қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. «Qyzylorda» телеарнасының ардагері Қарабала Жағыппар Аманжолұлы «Парасат» орденімен наградалды. Бұл –



Сыр журналистикасына берілген жоғары баға.

Мемлекет басшысы: «Журналистер қауымы – ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәсе-

лелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды» деп ерекше атап өтті.

2-БЕТТЕ

АҚПАРАТ МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТ БИГІНДЕ



Қаланың күнделікті тыныс-тіршілігін ақпарат айдынында тербетіп, әрбір тың жаңалықты қаламына арқау еткен баспасөз өкілдері қошеметке кенеліп, марапат биігіне көтерілді. Жыл бойы тынымсыз еңбек етіп, ақпарат айдынында жүрген шығармашылық ұжымдарын ұлықтау 2011 жылдан бері ині дәстүрге айналған. Осылайша, сөз құдіретін ардақтаған шара ақпарат майталмандарының мәртебесін тағы бір асқақтата түседі. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай қала әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты кеште әріптестеріміздің мерейі үстем болды.

2-БЕТТЕ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫ – ЕҢ АЛДЫМЕН ҚОҒАМНЫҢ ЖАРШЫСЫ ӘРІ ШЫНАЙЫ ЖАНАШЫРЫ



Бүкіл жұртты бір мұратқа ұйыстырған ортақ істе медиа саласы мамандарының маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өту қажет. Журналистер қауымы Конституциялық комиссияның қызметі туралы сапалы және мазмұнды хабарлар таратты. Сондай-ақ Ата заңға енгізу үшін ұсынылған түзетулерге қатысты жан-жақты талдау жұмысын жүргізді. Науқан кезіндегі тікелей эфирлер, сараптамалық материалдар мен танымдық сұхбаттар – соның айқын дәлелі. Жалпы журналистер өз кәсібилігін толығымен көрсетті. Осы салада нағыз кәсіби маман болу дегеніміз – «қолдан жасалған» айқай-шу немесе даңғазға жасау емес, бұл – ең алдымен өзекті мәселені жан-жақты білу және тақырыпты жетік негіздеген деген сөз. Комиссия отырысының әлеуметтік желідегі эфирлері де миллионнан астам қараумен жиналды. Осылайша, Ата заң жобасын талқылау жалпыұлттық деңгейдегі пікірталасқа ұласты. Бұл іске елге жанашыр азаматтарымыз түгел қатысты. Мәселен, «e-Government» және «e-Өтініш» цифрлық жүйесі арқылы мыңдаған өтініш келіп түсті. Түптеп келгенде, мұның бәрі

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі екені сөзсіз. Конституциялық комиссия мүшелері салмақты әрі ұтымды ұсыныстардың ешқайсысын назардан тыс қалдырмаған жоқ, оның бәрі мұқият зерделенді. Бас құжаттың жобасын дайындау және оны талқылау тәжірибесі мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасын мүлдем жаңа деңгейге көтерді. Комиссия құрамында масс-медияның беделді өкілдері де болды. Сондықтан журналистер қауымына Ата заңымыздың тең авторларының бірі деп айтақ, қате болмайды, – деді Президент.

Салтанатты шарада Мемлекет басшысы ақпарат саласының қызметкерлері қашанда ұлт сапасын жақсартатын құндылықтарды дәріптеу ісіне белсене атсалысуы қажет деп санайтынын атап айтты. Журналистер қауымына зор үміт артатынын білдірді. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне Әділетті, Таза, Қауіпсіз әрі Күшті Қазақстанды құру ісіне орасан зор үлес қосып келе жатқаны үшін алғысын білдірді.

Сіздер қоғамда «Заң мен тәртіп», «Адал азамат» қағидаттарын орнықтыруға, сондай-ақ «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын кеңінен дәріптеуге белсене атсалысып келесіздер. Сол арқылы халқымыздың болмыс-бітімін және санасын жаңғыртуға зор еңбек сіңіріп жүрісіздер. Алдағы уақытта да ақпарат саласының мамандары ел игілігіне қызмет ете беруді деп сенемін. Мен бүгін Қазақстан Республикасының журналистикасы мен телевизиясының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін медиа саласының үздік мамандарына жоғары мемлекеттік награда беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Марапатталған азаматтардың арасында саналы ғұмырын ақпарат саласына арнаған ардагер қызметкерлер де бар. Осы тұста ұлттық телевизияның алғашқы кәсіби мамандарының бірі, қазақ тіліндегі тұңғыш эфирді жүргізген майталман диктор Зүлкия Жұматованы ерекше атап өткім келеді. Бүгінгі таңда 106 жасқа келген ардагері тұлғаны халқымыз айрықша құрметтейді. Сондықтан мен Зүлкия Мұқанқызына «Құрмет» орденін табыстау туралы шешім қабылдадым.

Сондай-ақ қазір ортамызда отандық медианың мәртебесін арттырып жүрген тәжірибелі азаматтар отыр. Олардың қатарында Ертай Ашықбаев, Татьяна Корешкая, Қайрат Мұсақұлов, Қымбат Досжан сынды танымал журналистер бар. Тілшілердің жас буыны сіздерге қарап бой түзейді, – деді Мемлекет басшысы.

БАҚ өкілдері – қоғам мен билік арасындағы алтын көпір. Сондықтанда журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. «Қалам елді түзейді» деген сөз бекер айтылмаған. Мемлекет басшысы журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс екенін атап айтты. Яғни олар шындықты боямасыз көрсететін айна, сонымен қатар ұлттық өркениетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшырақ болуы керек.

«Ақмешіт-ақпарат»



БАСЫ 1-БЕТТЕ



АҚПАРАТ МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТ БИГІНДЕ

Салтанатты іс-шараның ашылу рәсімінде сөз алған қала әкімі Нұржан Сәбитұлы барша журналист қауымын мерекелем құттықтады. Шаһар басшысы бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекет дамуындағы рөліне қысқаша тоқталып, ақпараттың нақтылығы мен шынайылығын басты қағида еткен журналистердің еңбегі жұртшылықтың құрметіне лайық екенін жеткізді.

– Журналистика – үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін маңызды мамандық. Мемлекет басшысы БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде «Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс: яғни олар шындықты боямасыз көрсететін айна, сонымен қатар ұлтты өркениетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшырақ болуы керек» деген болатын. Бүгінде ақпарат саласының рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Қоғамдық пікірдің қалыптасуына, мемлекеттік саясаттың түсіндірілуіне, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының насихатталуына бұқаралық ақпарат құралдарының қосып отырған еңбегі ерекше. Сіздердің кәсіби шеберлігіңіз бен азаматтық ұстанымдарыңыз ел дамуы жолындағы маңызды құндылықтардың бірі болып қала береді. Өңіріміздің тыныс-тіршілігін жан-жақты жариялап, халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп, өзекті мәселелердің шешімін табуға атсалысып жүрген барша қалам иелеріне алғысымыз білдіреміз. Мемлекет тарапынан медиа саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетіліп келеді. Президентіміздің бастамасымен жыл сайын кәсіби мереке

қарсаңында тілшілер қауымына пәтер кілтін табыстау жақсы дәстүрге айналды. Енді бұл бастаманың ауқымы кеңейіп, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, осы жылы алғаш рет әр облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілтін табысталауда. Бүгін осы тапсырмаға сәйкес, екі әріптесіміз жана пәтерлердің кілтін алып, баспана бақытына кенеліп отыр. Бұл барша қаламгерлер қауымына жасалған құрмет, Сіздердің мерейлеріңіз!, – деді қала әкімі.

Мерекелік іс-шарада құрмет төрінен көтерілгендердің қатарында «Халық» газеті және «kiltmedia.kz» сайтының тілшісі Рыскелді Сәрсенұлы мен «Шешім журналистикасы» ассоциациясының он-түстік өңірлік үйлестірушісі, медиа тренер Нұрбек Дәуренбековке «Құрмет грамотасы» табысталды. Сондай-ақ әріптесіміз Думан Кеңшілік «Үшкір қалам – 2026» номинациясымен марапатталып, 150 мың теңге қаржылай сертификатқа ие болды.

Айта кетейік, бүгінде аймақтың ақпараттық кеңістігінде 149 бұқаралық ақпарат құралы халыққа қалтқысыз қызмет етуде. Қара шаңырақ саналатын 120 баспа басылымы, заман ағымына ілескен 26 интернет-портал мен ақпараттық агенттік, сондай-ақ 2 теларна бар. Осынау алып ақпарат майданында 137 облыстық, 2 қалалық және 10 аудандық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мемлекеттік тіл мен өзге тілдерде сапалы өнім ұсынып, медиа саласының көкжиегін кеңейтуге сүбелі үлес қосуда.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ ТАРТЫСТЫ ДОДАСЫ

Тілшінің тірлігі тек жедел ақпарат тарату емес, сонымен бірге дәлдік пен шымдамдылықты да талап етеді. Қалам мен микрофонды серік еткен шығармашылық ұжым бұл жолы спорттық алаңда бас қосып, сөз мергендері ғана емес, көз мергендері екенін дәлелдеді. Жасыл шұғаның үстіндегі тартыс, сырғанаған шарлардың сынғыры мен мергендік сыналған сәт орын алды. Кәсіби мерекеге тарту ретінде қала әкімдігі ұйымдастырған бильярд турнирі түн уағына дейін жалғасты.

Қатысушыларға Қазақстанның құрметті журналисі, ардагер Жұмат-әлі Әбдіраман тілегін жеткізді. Салауатты өмір салтын насихаттау және әріптестік байланысты нығайтуды көздеген бұл дода «Альбион» бильярд залында өтті. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов қаламгерлерге сәттілік тілеп, бұқаралық ақпарат құралдары мамандарының төл мерекесімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ақпарат саласы мамандарының қоғамдағы биік мәртебесін айқын белгілеп берді. Президентіміз атап өткендей, отандық масс-медиа – билік пен бұқара арасындағы алтын көпір,

пәрменді әрі сындарлы байланыстың басты құралы. Расында, тәуелсіз еліміздің бүгінгі шежіресін жазып, жарқын болашағын қалыптастыруда, қоғамды демократияландыру жолында сіздердің атқарып жатқан еңбектеріңіздің маңызы зор. Сыр өңірінің тыныс-тіршілігін, жетістіктері мен дамуын халыққа шынайы жеткізіп жүрген қаламгер қауымына қала халқы мен өз атымынан шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Төл мерекелеріңіз құтты болсын, – деді Арнұр Әлібекулы.

Турнирде қаламын бильярд таяғы киіге алмастырған жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен мемлекеттік мекемелерден жиналған 25 қаламгер бақ сынады. Қатысушылар бильярд-



тағы шеберліктерін сынап, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті. Жоғары деңгейде өткен сайыста, ойыншылардың жеңіске деген ұмтылысы жарыстың көркін қыздырды. Кәсіби мерекеді ұйымдастырылған бильярд турнирі тартысты сәттерге толы болды. Жарыс қорытындысы бойынша «Қызылорда қоғамдық теларнасының» аға монтажері Ержан Батыршаев жеңімпаз атанып, I орынды иеленсе. «Қазақстан» ұлттық арнасының меншікті тілшісі Әділбек Жахановқа II орын бұйырды. Тұғырдың III орынын «Quzylorda» теларнасының өкілі Жангелді Әлібаев еншіледі. Жеңімпаздарға қала әкімінің алғыс

хаттары мен қаржылай сыйы табысталды.

Сондай-ақ турнирде белсенділік танытқан бірқатар қатысушылар арнайы номинациялармен марапатталды. Атап айтқанда, «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Аяшулы, бас редактор Қуат Шарабитов және «77 ТВ» теларнасының операторы Бақытжан Бегімбай марапатталды.

Ерлер қауымы бильярд үстелінде мергендік байқатса, мерекеге орай қыздар арасында үстел теннисінен де қызу тартыс ұйымдастырылды. Кіші ракетка бәсекесінде бақ сынаған қаламгерлер спортқа деген қызығушылықтарын көрсетті. Жылдамдық пен жинақылықты талап ететін бұл сында нәзік жандылар тек қала шебері ғана емес, спорт алаңында да белсенді әрі бәсекеге қабілетті екенін айқын аңғартты.

Жарыс қорытындысы бойынша «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Аружан Оралбай I орын иеленіп көш басынан көрінсе, «Қызылорда қоғамдық теларнасының редакторлары» Гүлнұр Ерниязова мен Шапағат Торғай II және III орындарды бөлісті. Ал «Сыр бойы» және «Сыр дидары» басылымдарының қатысушылары ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қала әкімінің марапаттары мен қаржылай сыйы табысталды. Осылайша, қос бірдей спорт түрінен өткен мерекелік дода Сыр журналистерінің бірлігі мен спорттық рухын тағы бір мәрте асқақтата түсті.

Думан КЕҢШІЛІК

Дәурен Сейітжанұлы, «Adal ADAM» YouTube арнасы жобасының бойынша авторы, журналист:

«АҚПАРАТ КӨБЕЙГЕН САЙЫН КӘСІБИ ЖУРНАЛИСТИКАҒА СҰРАНЫС АРТАДЫ»



Қазіргі таңда медиа кеңістігі қарқынды өзгеріп, ақпарат тарату тәсілдері жаңа деңгейге көтерілді. Ақпарат ағыны бұрын-соңды болмаған қарқынмен өкпін алған кезеңде журналистикаға қойылатын талап та күшейе түсті. Жаңа медиа, әлеуметтік желілер мен жасанды интеллект ақпарат тарату тәсілін түбегейлі өзгертсе, кәсіби журналистиканың қоғам алдындағы жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсті. Цифрлық технологиялардың дамуы дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне де айтарлықтай ықпал етуде. Осындай кезеңде кәсіби журналистиканың болашағы, жаңа медианың мүмкіндіктері, жасанды интеллекттің ықпалы, медиасауаттылық пен сөз жауапкершілігі сияқты мәселелер қоғам назарындағы өзекті тақырыптардың біріне айналған-ды. Осы орайда «Adal ADAM» YouTube жобасының авторы әрі жүргізушісі Дәурен Сейітжанұлымен сұхбаттасып, қазіргі қазақ журналистикасының жай-күйі, саланың болашағы және бүгінгі медианың даму бағыттары жөніндегі пікірін білген едік.

– Жаңа медиа қазір қарқынды дамып келеді. Журналдар мен газеттердің электронды форматы көп оқылады. Интернет порталдар түбі баспа басылымдарын ығыстырады деген түсінік бар. Бұл қаншалықты нанымды?

– Интернет порталдар мен жаңа медиа баспа басылымдарын біртіндеп ығыстырып жатқаны жасырын емес. Бұған бірнеше себеп бар. Ең алдымен, қазіргі аудитория ақпаратты жедел алғысы келеді. Интернетте жаңалықтар бірден жарияланады, ал газет пен журнал белгілі бір уақыт өткен соң ғана оқырманға жетеді.

Екіншіден, цифрлық платформалар әлдеқайда қолжетімді. Смартфон арқылы кез келген жерде ақпарат оқуға болады. Сонымен қатар мәтінмен бірге фото, видео, аудио сияқты мультимедиялық контент ұсынылады. Бұл аудитория үшін әлдеқайда тартымды. Сондықтан бүгінде көптеген оқырман, әсіресе жастар, ақпаратты негізінен интернеттен алады. Осы үрдіс сакталса, баспа басылымдарының ықпалы бұрынғыдай болмайды. Тағы бір маңызды мәселе – экономикалық жағы. Қазір қағаз, басып шығару, тарату қымбат. Оқырманды жаздыру да бұрынғыдай оңай емес. Сондықтан газетке түсіп отырған қысым тек интернеттен емес, экономикалық жағдайдан да болып отыр. Бұл тек газет форматына қатысты екенін ескерерсіз. Бірақ ақпарат көбейген сайын кәсіби журналистикаға деген сұраныс арта беретінін ұмытпауымыз керек. Себебі әлеуметтік желіде ақпарат көп болғанымен, оның бәрі шыншайы емес. Жалған жаңалықтар, манипуляция, жасанды интеллект арқылы жасалған жалған контент көбейіп барады. Осындай кезде ақпаратты тексеретін, деректерді салыстыратын, оқиға орнына барып жұмыс істейтін кәсіби журналистің рөлі бұрынғыдан да маңызды болады. Сондықтан мен газет толық жоғалып кетеді деп ойламаймын. Бірақ оның негізгі өмірі цифрлық кеңістікте жалғасатын секілді. Форматы ғана өзгереді. Ал қоғамға сенімді ақпарат жеткізу, сапалы сараптама, сүбелі сұхбат жазу сияқты миссиялары өзгермейді. Бұл жерде «газетті порталдар ығыстыра ма?» деген сұрақтан гөрі «газет қалай өзгереді, қай бағытта дамиды?» деген сұрақ маңыздырақ деп ойлаймын.

Жалпы газеттің қағаз нұсқасы сақталып деп ойлаймын. Бірақ бұрынғыдай мыңдаған тиражбен шықпайды. Белгілі бір аудитория үшін ғана жарық көреді. Кейбір басылымдар үшін «дәстүрдің белгісі» болады. Кейбірі үшін бедел мен брендтің символы ретінде сақталады.

– Бірақ байқағанымыз, үйілде газеті, теледидары, радиосы жоқ отбасыларда WhatsApp-тағы «фейк ақпараттарға сену» синдромы тез дамиды екен. Дәстүрлі медианы ысырып тастау ақпараттық сауатсыздыққа қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Солай деп кесіп-пішіп айту қиын. Дегенмен, бұл пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Өйткені газет, сайт және телеарналардағы ақпарат бірнеше кезеңнен өтіп, редакциялық тексерістен кейін ғана жарияланады. Ал «WhatsApp» сияқты мессенджерлерде мұндай сүзгі жоқ. Үнемі әлеуметтік желідегі қауесет-сыбыстармен «қоректенетін» адамның әлбетте сыни ойлау қабілеті төмендеуі мүмкін. Біз қоғамға, әсіресе балаларға, жастарға ақпаратты бірнеше дереккөзден

алып, салыстырып оқуды әдетке айналдыруы үйретуіміз керек. Қазіргі таңда мектептерде «Жаһандық құзыреттілік» пәні аясында медиасауаттылық бойынша сабақтар өткізіледі. Алайда ол қалай оқытылып жатыр және оны жүргізетін мұғалімдердің кәсіби деңгейі қандай деген сұрақ туындайды. Сондықтан медиа сауаттылық сабақтарының сапасына ерекше мән беруіміз керек деп ойлаймын.

– Жасанды интеллект дамып жатқан кезде журналист мамандығының болашағын қалай елестетесіз?

– Жасанды интеллект журналист мамандығын алмастырады деп ойламаймын. Керісінше, ол журналистің жұмысын жеңілдететін құрал. Мысалы, ақпаратты іздеу, деректерді саралау, мәтінді өңдеу сияқты техникалық жұмыстарды жасанды интеллект жылдам орындай алады. Ал оқиғаның мәнін ашу, ақпараттың рас-өтірігін тексеру, дереккөзбен жұмыс істеу, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеру сияқты міндеттер әлі де журналистің кәсіби тәжірибесі мен жауапкершілігіне байланысты. Өйткені жасанды интеллект эмоцияны, контексті және жауапкершілікті адам сияқты сезіне алмайды. Аты айтып тұр ғой «жасанды» деп. Тағы қайталап айтам, жасанды интеллект журналистің «жауы» емес, көмекшісі. Бұрын бір журналист бір күнде бір материал жазса, қазір ЖИ көмегімен бес материалға дайындық жасай алады. Сол себепті бүгінде бәсеке журналист пен ЖИ арасында болмайды. Бәсеке ЖИ қолданатын журналист пен қолданбайтын журналист арасында болады деп ойлаймын.

– Журналистиканы жанпай коммерцияландырудың уақыты келді ме және бұл үдеріс сөз бостандығына қалай әсер етеді? БАҚ-ты мемлекеттік дотациядан айыру қажет деп санайсыз ба?

– Мәнінше, қазір елімізде бұқаралық ақпарат құралдарын толықтай коммерцияға көшіруге әлі ерте. Өйткені өңірлердегі көптеген газет-журналдар мен телеарналар мемлекеттік қолдаудың арқасында жұмыс істеп отыр. Егер бұл қолдау тоқтаса, кейбірі жабылып қалуы да мүмкін. Бір жағынан мемлекет те оларды мемлекеттік дотациядан айыруға дайын емес. Себебі коммерциялық БАҚ көбіне оқылым мен қаралымға жұмыс істейді. Соның салдарынан маңызды мәселелерден гөрі көпшілік қызығатын, жеңіл контент көбейіп кетуі мүмкін. Тіпті орынды-орынсыз сыни мақалалар да қаптауы ғажап емес. Қазіргі жағдайда ең дұрыс жол, тепе-теңдікті табу. Мемлекет өз саясатын қаржыландыруды тоқтатпау керек, бірақ ол редакцияның жұмысына немесе көтеретін тақырыптарына араласуды тоқтатуды үйрену керек.

– Трендте – қысқа видеолар, қысқа посттар. Сіздіңше, шағын ақпарат моделі арқылы оқырманның терең сараптамаларды оқу дағдысынан айырып жатқан жағдай ба?

– Дүниенің дамуының деңгейі жылдамдықпен ғана өлшеніп жатқан заманда ой қозғайтын жазбалар да уақытқа ілесу үшін «жанығары» анық. Сол мотивпен кетіп барамыз. Ол адамзаттың рухани қарым-қабілетіне әсер етпей қоймасы анық. Енді біз сенер бір ғана байлық, құндылық бар, ол – ақыл. Ақыл түп-тамырымен жоғалған күні ғана оқу доғарылады. Сондай күннен сақтаның!..

– Жыл сайын журналистика мамандығына мыңдаған талапкер құжат тапсырады. Мәселен, осы оқу жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде журналистика мамандығына жүздеген студент оқуға түскен екен. Кейбірі журналистиканы басқа мамандыққа «өткеле» ретінде пайдаланады. Соңына дейін оқын бітіргендердің өз бәрі бірдей мамандық бойынша жұмыс істемейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі жағдайда журналистикаға төрт жыл оқыту қаншалықты тиімді?

– Міне, осы нәрсе мені жиі ойландырады. Журналистика ғылымына жанып, педагогикасына тағдырын арнағандар тілім тиіп кетпесін, бірақ, тым көп «шабарман-жазарманға» диплом беріліп жатыр. Ал – біздің БАҚ-қа өзгеше ойлай алатын, бұқараның алдындағы жауапкершілігін, сөз өнерінің қасиетін сезіне алатын еңбеккерлер керек. Мен бір нәрсе айтайын,

сұғылған пышақтың өзі қайта суырылып шығады. Одан қалған жара жазылады. Ал сөз дәйтін қанжар қынынан бір шықса, оны қайтару еш мүмкін емес. Міне, осыған еге бола алатын ақылмандар керек біздің салаға.

– Қарап отырсақ қазір сахнада да, өнерде де, әдебиетте де басқа салаларда да ел талғамы өзгерген. Сұраныстың өзі жеңілден кетті деп жатамыз. Интернет сайттар қаралымды арттырып, таралымды тасыту үшін дәлелді-дәлелсіз дүниелерге үйірсең боп алды. Қазақ журналистикасы расында да қасанданып бара ма?

– Қасандану емес, қаперсіздену, қателіктен қаймықпау, жауапкершілік тұрғысынан жұтау деген дұрыс шығар. Дана халқымызда «30 тістен шыққан сөз 30 рулы елге тарайды» деген сөз бар. Сол тұжырымның мән-мағынасын ұқпау деп есептеймін. Шынында ит ырықжылқымен келе жатқан интернет сайттар жетерлік. Бір ақпарат бүтін қоғамды жікке жарып, бір адамның өміріне үкім шығарып жіберуі мүмкін екенін ұқпайды емес, ұғады ғой бәрі де... Тек, сол бағыт қандай болса да танымалдылыққа деген «махаббат»...

– «Adal Adam» жобасын жұрт қызығып қарайды. Әр түрлі сала мамандарынан сұхбат алып жүрсіз. Осы кісіден сұхбат алсам деп армандайтын тұлғаныз бар ма?

– Ондай адам өте көп. Біз сүт бетінде «кілкіп» жүрген қаймақтарға ғана «жүгіре» береміз. Алайда «Адалдық» деген ұғым мүлде басқа адамдардың жүрегінде, еңбегінде жатыр. Ал оған жету оңай емес!.. Көп еңбек керек. Біз сол еңбек жолындамыз!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Думан КЕЦШЛК

РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУГЕ БАСТАР ЖОЛ

Кітап оқу әр адамның жан өлемін ажарландырып, ой-санасын биіктетіп, жан дүниесін парасат пен тереңдікке толтырады. Ғұламалардың ойының айнасы кітап сіздің ішкі қабілетіңіз бен белсенділігіңізді атады. Ыбырай Алтынсарин омыз «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде:

Мал дәулеттің байлығы,

Бір жұтасан жоқ болар,

Оқымыстың байлығы,

Күннен-күнге көп болар, – деген болатын.

Шынында жиған-терген байлығың бір жұтасан жоқ болады. Адамзаттың байлығы рухани қазынамен өлшенеді. Ол ешқашан сарқылмайды, тозбайды, таусылмайды.

Осындай құндылықтардың маңызын терең зерделеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» жарлыққа қол қойды. Бұл жарлық елдегі кітап оқу мәдениетін көтеру мен зияткерлік ұлт қалыптастыруға бағытталған. Құжатта кітапханаларды жаңғырту, оқуға деген қызығушылықты арттыру және кітап шығаруды қолдау сынды нақты шаралар қарастырылған. Президент бұл бастаманы жастардың білім деңгейін көтеру және қоғамның рухани дамуы үшін маңызды қадам деп атады.

Сыр өңірінде Президент пәрменімен жүзеге асып жатқан рухани құндылықты дәріптеу, кітап оқуға нәсихаттау мақсатында Ә. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бастамасымен қолға алынған «Кітап керуені» акциясы Сырдария ауданынан бастау алған болатын. Өнеге мен тәлімге толы мәдени шара осы аптада қалаға қарасты Талсуат

ауылында жалғасты. Құнды көркем әдебиеттер, қазақ классиктерінің таңдамалы шығармалары, жергілікті ақын-жазушылардың кітаптары және түрлі-түсті фотомен безендірілген балалар әдебиетінің туындылары қойылған көшпелі кітап көрмесі ауыл тұрғындары мен жас оқырмандардың қызығушылығын оятты.

Тағылымды іс-шараға облыстық мәдениет архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ғ. Құлбаев, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А. Қайруллаев қатысып, ізгі лебізін жеткізді. Басқосуда кітапхана қызметкерлеріне облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаты табысталып, белсенді оқырмандар «Үздік оқырман», «Ең белсенді оқырман», «Кітап жанашыры», «Үздік жас оқырман», «Үздік оқырман отбасы» номинацияларымен марапатталды.

«Өлке руханияты: жыр мен ойдың тоғысы» кездесу кешіне жергілікті ақын-жазушылар Ж. Таңрықбаев, Г. Қожахметова, Ғ. Өбділа, Н. Көбегенұлы, А. Түменбай, Ғ. Қадырбай қатысып, шығармашылық пен көркем әдебиеттің адам өміріндегі маңызы туралы пікірлерін ортаға салды.

«Кітап. Білім. Цифрлық технология» тақырыбындағы шеберлік сағаты көрермендер қызығушылығын тудырды. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында ҚР Журналистер одағының мүшесі Ж. Таңрықбаев, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, журналист Нұрлан Көбегенұлы және Талсуат ауылының тұрғыны Ш.Ахметова өз кітаптарын кітапхана қорына тарту етті.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ



«QYZYLORDA» ТЕЛЕАРНАСЫ: ТАҒЫЛЫМ АЙНАСЫ, ӨРКЕНИЕТ МІНБЕРІ

КОЛЛАЖ А.НҮР



«QYZYLORDA» телеарнасы тәуелсіз ел тарихымен бірге түлеп келе жатқан ұжым, егемендіктің уығы мен керегесін бірге қаласып, шаңырағын көтерген шығармашылық орда. Тарих таразысына тартқанда көп уақыт болып көрінбегенмен, бір ұжымның қалыптасуы үшін аз уақыт емес. Телеарнаны ашып, іске қосу барысында қиындық та, кедергі де болғаны рас. Қалың жұрттың ықыласы мен сенімін арқалаған танымал журналист Жақсылық Бекқожаевтың табандылығы мен іскерлігі нәтижесінде Сыр халқы көгілдір экраннан алғаш рет туған өлке жаңалықтарын көре бастады. Бесіктегі баладан, еңкейген қарияға дейін облыстық телеарнаға көз тікті. Бұл әрине қасиетті Сыр өңірі үшін жүрекжарды қуаныш болды.

1991 жыл, 30 сәуір. Бұл күн – облыстық телеарнаның ғана емес, бүкіл аймақ журналистикасының атаулы күні. Себебі бұл күні Сыр бойында тұңғыш рет төл телеарна тікелей эфирде хабар тарата бастады. Әуелгі қадам 30 минуттық эфир еді. Осылайша, аймақ айнасы БАҚ кеңістігінде саяси, әлеуметтік, мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді уағыздаушы құнды құралға айналды. Облыстық телеарнаның қалыптасуы тарихи оқиға. Бұл уақыт қажеттілігінен туындаған, саяси әрі әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда өте маңызды шешім. Телеарнаның ашылуына Жақсылық Бекқожаев, Байан Исламбаева, Айтқұл Шалғынбаева, Бақытжан Шөкенов, Марат Шалабаев, Жанібек Жұманов, Юрий Ефановтар мұрындық болды. Алғашқы режиссер қызметін Хүсейін Әмір-Темір атқарса, тұңғыш диктор Айгүл Оразова еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңалықтың жарысындай ақпарат айдынына шыққан Сырдың тұңғыш телеарнасы ретінде арнаның көтерер жүгі ауыр болды. Ұлттық болмыс, тіл, дін, діл мәселелерін көтеріп, қазақ салты мен дәстүрлері туралы ел аузындағы әңгімелермен таныстырды. Істің басы-қасында болған тәжірибелі мамандар облыстық теледидардың алғашқы техникалық жабдығы «Останкино» телеарнасынан әкелінген «Кадр» 3 Пм маркалы магнитофоны болғаны еске алады. Бұрын пайдаланылған осы магнитофонның өзі жана телеарна үшін қиынсыз байлық еді. Мұндағы кейбір техникалық құралдар Ресей телеарнасында қолданыстан шығарылған нұсқалар болатын. Мысалы, «Кадр-103» видеоматериал құрастыратын стол басындағы монтаж жұмысы түнгі 2-3-ке дейін созылатын. Бұл жағында облыстық телерадиокомпанияда 1991-1994 жылдарда редактор болып жұмыс істеген Нұрлыбек Саматұлының естелігін бергенді жөн көрдік.

– Қызылорда облыстық телеарнасының алғашқы хабарының эфирге шыққан сәті күні бүгінгідей қалды. Әуені де құлағымда. Сапасы анау айтқандай болмаса да, зүстікпен қызға тамашалағанымыз естен кетпейді. Телекомпанияда олайтын кезде екі дана бейнекамера болды. Сол себепті барған жерде ойға алған жұмысымызды қайтсек те тындырып келуге әрі жылдам қимылдауға тырысатынбыз. Бұл маған теледидар үйреткен өмірлік әдет болып қалды. Монтажға аппараты бір бөлмені тұтастай алып жататын. Жалпақ бейнекамераны орайтын катушканың өзін қожан арасының доңғалағындай, құшақ жетпейді. Бір инженер, екі оператор қатысатын монтаж жұмысы өте шабан және қиын жағдайда өтеді. Сол себепті диттегені ойдан шықпай, хабардың жасалып қойған кей тұсына өзгеріс енгізгің келсе, техникалық қызметкерлердің ренішіне қаласың. Бірақ ойлап қарасам, соның бәрі қызық екен, – деп еске алады.

Уақыт өте телеарнаның өзіндік бейнесі мен келбеті қалыптасты. Мұнда есімін ел билетің, танымал тілшілер еңбек етті. «Жүзесу», «Көкейкесті», «Темірқазық» хабарлары арқылы көрермен көзайымына айналды. Сыр елін ұлттық өнердің қайнар көзі ретінде кеңінен насихаттады. Музыкалық контенті арқылы шын таланттардың танылуына жол ашты. Төл арна – қоғамдағы оқиғаларды арнайы бағдарламалар арқылы талқылап, таразылайтын кеңістікке айналды. Елімізді кемел етуге бағытталған іргелі істер мен күрмеулі мәселелер аймақ арасының алаңында көтерілді, әлі де көтеріліп жүр.

Техниканың азығына, мамандардың жетіспеушілігіне қарамастан, Сыр өңірінде жана сала жаңғырды. Әбдіжәлел Бәкір, Орынбасар Әлжік, Серік Пірназар, Амантай Шәріп, Жағыппар Қарабала сынды медиа майталмандар телевизия тіршілігіне соны серпін әкелді. Арнаның ауқымын кеңейтті. Қара шаңырақтың мерейін асырып, мәртебесін биіктетті. Ұрпаққа аманат етті.

Телеарнаның хабар тарату ауқымы, материалдық базасы жыл санап ұлғайды. 2009 жылдан бастап республикада алғашқылардың бірі болып облыс аумағына тәулігіне 14 сағат хабар таратты. Филиал тарихындағы ең алғашқы басын ұзақ жылдар бойы облыстық радионы басқарған, «КСРО – ның құрметті радисі» Жақсылық Бекқожаев болды. Одан кейін телеарна тізгінін Әбдіжәлел Бәкір ұстады. Ол кісі кейін екі мәрте ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланып, елімізде «БАҚ туралы», «Жарнама туралы» заңдардың қабылдануына қатысты. 1996-2005 жылдар аралығында телеарнаға О. Әлжік, С. Пірназар, А. Шәріп басшылық етті. Ал 2005-2023 жылдары филиалды Жағыппар Қарабала басқарды. 2023 жылдың қазан айынан бері Нұрбек Әмиша телеарна директоры. Міне сол уақыттан бері тоқтаусыз жұмыс істеп келе жатқан телеарна тілшілері еңбек майданында шынықты, шартарап құлақ түретін деректі фильмдер жасайды. Тәжірибесі мол, жаңашылдық пен іскерлікті бойына серік еткен телеарна басшысы өзімен бірге заманауи өмірмен жобалар әкеліп, телеарнаны жана биікке көтерді. Телеарна орналасқан ғимараттың ішкі сәулеті түбегейлі өзгеріп, жана кейіпке енді.

– Жергілікті телеарнада өз кәсібін адал, мамандығын шын сүйетін 71 кәсіби маман жұмыс істейді. Тәулігіне 15 сағат хабар таратылымын облыс халқы 100 пайыз цифрлық форматта көріп отыр. Жаңалықтар тәулігіне 8 рет, оның ішінде 6 рет тікелей эфирге шығып, аймақ және ел ақпараттарымен хабардар етсе, атқасана түрлі тақырыптағы және форматтағы 35 хабар көрермен назарына ұсынылады. Өзіндік өнім үлесі 67, 06 пайызды құрайды. «QYZYLORDA» телеарнасы эфирге шыққан 35 жыл ішінде халық шығармашылығын дамыту мен жергілікті музыкалық контентті қалыптастыруға айрықша басымдық берді. Бүгінде «Ботакан» балалар телефестивалі, «Таңшолпан», «Сыр жылдыздары» ән байқаулары мен дәстүрлі ән мен күйді, фольклорлық музыканы насихаттаушы «Жыр керуен» мен «Сәлем мұра», «Сыр сүйейін сұрасам...», «Ғасырлар үні», «Терме, толғау сөйлесін», «Сарын» сынды тағлымды музыкалық жобалары өз өміршеңдігімен телеарнаның алтын қорын толықтырып тұр, – дейді «QYZYLORDA» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша.

Тікелей эфирдегі ток-шоулар, өзіндік музыкалық контент, телекөпірлер, аймақтың кез-келген нүктесінен желд хабар тарату, оперативтілік, шынышылдық аймақ телеарнасының масс медиа саласындағы беделін айышқайтты. Бүгінде тікелей эфирдегі «Өмірдің өзі...», «Өзекжарды», «Ұлт саулығы», «Қайыры күн, Қызылорда!», «Анықтаймыз», «Құдайы қонақ», «Қызық орд», «Параллель», «Пайдалы подкаст» хабарлары мен ақпараттық-сараптамалық «Ұштаған» бағдарламасы көрермендер тарапынан өзінің лайықты бағасын алып, ықыласына бөленуде. 2025 жылы «Qyzylorda expedition» хабары Түркияның «TRK AVAZ» телеарнасында көрсетіле бастады. «Соғыс жесірі», «Астана болған Ақмешіт», «Қоныратбаевтар династиясы» деректі фильмдері де көрермен тарапынан жоғары бағаланды.

Телеарнадың техникалық әлеуеті маңызды саяси және мәдени шараларды оқиға орнынан HD форматында онлайн және тікелей таратуды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Хабарлар соңғы телевизиялық техникамен жабдықталған бірнеше монтаждау аппараттарында әзірленді. Телеарна байгеге қосқан хабарлар халықаралық, республикалық, облыстық додаларда жүзден жүйрік шығып, жеңімпаз атанды. Атап айтсақ, 2019 жылы «Тұңғыш Президент және Тәуелсіз Қазақстан» атты халықаралық байқауда журналист Бекзат Ескалиевтың хабары жүлделі 2 орынды, БАҚ арасында өткен ұлттық байқауда журналист Алтынай Молжанованың «Таза ғаламшар» хабары «ТВ-дағы ең үздік бағдарлама» номинациясы бойынша бірінші орынды, 2020 жылы республикалық «Қайырымдылық керуені» байқауында журналист Толқын Қабылшаның «Өмірдің өзі» бағдарламасы Гран приді иеленді. 2024 жылы «Құдайы қонақ» реалити хабары «Тұмар» Ұлттық телевизиялық байқауының жеңімпазы атанса, 2025 жылы «Qyzylorda expedition» республикалық «Аманат медиа» сыйлығының иегері атанды.

Телеарна басшысының орынбасары Айсулу Қасымованың айтуынша, ұзақ жылдар телеарнада режиссерлық қызмет атқарған қазір зейнет демалысындағы Гүлсара Мәмбетованың есімі елге етене таныс. Ақпарат айдынында өзіндік режиссерлік шешімдермен танылып жүрген режиссерлар Нұрлыбек Шахметов, бас режиссер қызметіндегі Ержан Тәженовтердің еңбегін ерекше атап өтуге болады. Редакторлардан Айнұр Тұңғышбаева, Мөлдір Құлмырзаева, Елжас Әбділда, Бекзат Ескалиев, Дәулетхан Мұратұлы, Лимара Ақынқызы, Мақсат Қарібай өздерінің ерекше қолтаңбасымен көрініп жүрген білікті журналистер, телеарнаның мақтаншытары. Монтаждаушылар да өз кәсібінің майталмандары. Олардың қатарында телевидениенің ыстығына күйіп, суығына тоңып ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан Төрехан

Қожахметов, жас мамандар Жанкелді Әлібаев, Дархан Төксейіт бар. Операторлардан Талғат Әлменов, Шыңғыс Жұмақанов өз ісінің кәсіби шеберлері.

– Телеарнадағы өміршең жобаның бірі – «Qyzylorda expedition» жобасы Сыр өңірінің аумағы бойынша саяхат жасайтын және зерттеу жұмыстарын жасайтын археолог ғалымдардың қатысуымен түсіріліп 10 фильмнен тұрды. Фильмдер сериясында өңірдің мәдени, тарихи шаһарлары көрсетілді. Экспедиция Сырдария алабындағы Сауран қаласынан бастап Сығанақ, Сауыскандық петролиттері, Асанас, Шірік рабат, Жетіасар жұрт, Жанкент және айдында Аралдың табанындағы Кердері қалыңдықтарының аралығын қамтыды. Жобаның бір ерекшелігі әлкей Марғұлан атындағы археологиялық институты мен Қорқыт ата университеті жанындағы археология және этнография мамандарының қатысуымен және облыстық тарихи өлкетану музейінің облыстық ескерткіштерді қорғау мекемесінің мамандарының қатысуымен жүзеге асты. Сондай-ақ бұл жобаның жарқын бір жаңалығы 1960 жылдардың орта шенінде Хорезм археологиялық экспедициясы академик Толстов бастаған Үйқарак, Түгіскен сияқты үлкен кешендерге барып сол жерде бұрын-соңды телеарнаның таспаларына тартылмаған ірі мәдени нысандарды көрсетті. Яғни, біздің заманымызға дейінгі ІУ-V ғасырларда өмір сүрген Сырдың бойындағы жауһарлы жәдігерлеріміздің барша құндылықтарын кәсіби археологтардың айтуымен нақты ғылыми дәйектелген мәліметтерді таспалап, біздің өңіріміздің археологиясының қаншалықты бай екенін көрермендерге көрсеттік. Үйқарак, Түгіскен кешендері бұрын-соңды тіпті республикалық телеарналарға түсірілмеген. Бұл Қызылорда телеарнасының баға жетпес үлкен жетістігі. Осы жобамызды Түркияның TRT корпорациясына қарасты, әлемнің 27 еліне тарайтын «TRT Avaz» арнасы алды. Әр дүйсенбі сағат (Түркия уақытымен) 12.00, 20.30, 01.00 көрсетіледі. Бұл еліміздегі, оның ішінде, Қызылорда облысындағы аса құнды тарихи, туристік нысандар, материалдық емес мәдениетті насихаттауға қосылған үлес деп білеміз. Өріптестеріміз сапалы дүниелер жасауды жалғастырады. Болашақта Қызылорданың құндағындағы тарихи шаһарларға сапар шегетін боламыз, – дейді QYZYLORDA телеарнасы бас редакторының орынбасары Бекзат Ескалиев.

Кәсіби мамандармен бірлесіп археологиялық зерттеу жүргізіп, бұрын-соңды тіпті республикалық телеарнадан көрсетілмеген тарихи деректермен көрермендерді қауыштырып отырған майталман тілшілердің еңбегі болашақ ұрпаққа үлкен баға жетпес мұра боп қалары сөзсіз.

«QYZYLORDA» телеарнасында 35 жыл бедерінде тілі өткір талай тілші, дарынды диктор, талантты таспагерлер мен эфирдің реңін реттейтін талай режиссерлар қалыптасты. Бүгінде олардың дені Президент телерадиокешенінде, шет елдерде, республикалық медиа холдингтерде табысты еңбек етіп жүр.

35 жыл бойы қызылордалықтар туған өлке тынысы мен дөңгеленген дүниелерін арнадан көріп келеді. Түрлі тақырыпты қамтитын 30-дан астам бағдарламалар көзі қармақты көрерменнің серігіне айналған. Ақпараттық-сараптамалық, саяси-экономикалық, мәдени-спорттық хабарлар көпшіліктің көкейіндегі маңызды мәселелерді көгдіріп экранға шығарып келеді.

«QYZYLORDA» арнасының – қазіргі медиа кеңістіктегі беделі мығым. Сонымен қатар «QYZYLORDA» арнасының төл өнімдері әлемнің 27 мемлекетіне хабар тарататын Түркияның «TRT AVAZ» телеарнасының эфиріне көрсетіле бастады. Бұның барлығы 35 жылдық тарихтың, 35 жылдық еңбек пен тәжірибенің арқасы.

Тамырын тереңге жайған төл арна 35 жылда осындай кезеңдерді өткерді. Көк сандық көрсеткен арнадың хабары әр қазақтың жүрегінен орын алып, жадында жатталса, ұжымда еңбек ететін қызметкерлердің ғана емес, телеарна тарихын бірге жасасқан қағ бұрын өкілдерінің де үміттерінің ақталғаны. Осынау киелі Сыр өңірінің рухани шамшырағы «QYZYLORDA» телеарнасы республикалық байқауларда топ жарып, үздіктер қатарынан көрініп жүр. Ұлттық арнаның көш басындағы өңірлік ұжым бейнесін бүгінде сандық телевизия арқылы Қазақстанның кез-келген бөлігінде және жақын шетелде көруге мүмкіндік туды. Озық технология талабына сай қадам басып, алға ұмтылып отырған облыстық телеарнасы Сыр елінің тыныс-тіршілігін халыққа қалтқысыз жеткізіп отыр. Саясат пен экономика, демография мен демократия, технология мен экология – барлық тақырыптар бұл арнадың нысанасынан тыс қалған емес. Сыр елінің жүрек қағысы мен тамыр соғысының әрбір бүлкілін осы телеарна баяндап беруде. Ізденісті серік етіп, шеберлік пен табандылықты, парасат пен дамуды ту еткен шығармашылық ұжым әлі талай көркем туындыны көрерменге ұсынып, елдің ыстық ықыласына бөленеді деген сенімдеміз.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №7657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атқасана 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келмейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басына үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4400 Тапсырыс №1085
Немірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА